

# ШҰҒЫЛ ӘРЕКЕТ

## САТИРАЛЫҚ БЛОГЕР ПОСТ ЖАРИЯЛАҒАНЫ ҮШІН ҚАМАУҒА АЛЫНДЫ

Темірлан Еңсебек — блогер, Qaznews24 сатиралық Instagram парақшасының авторы. Ол 17-ші қаңтарда Qaznews24 Instagram парақшасындағы жазбасы үшін қамауға алынып, Қазақстан Қылмыстық Кодексінің 174-бабына сәйкес "ұлттаралық алауыздықты қоздырды" деп айыпталды. Оның қудалауында өзінің белсенділігі мен Қазақстан үкіметін сынаған сатиралық жазбалары үшін бағытталған саяси астары бар.

### ӘРЕКЕТ ЕТІҢІЗ: ӨЗ СӨЗІҢІЗБЕН НЕМЕСЕ ОСЫ ҮЛГІ ХАТТЫ ПАЙДАЛАНЫП АПЕЛЛЯЦИЯ ЖАЗЫҢЫЗ

Алматы қаласы Прокуроры  
Кәріпбеков Серік Ақмырзаұлына  
Желтоқсан көшесі, 189  
Алматы  
A15KOM9  
Қазақстан

Құрметті Кәріпбеков мырза,

Мен блогер Темірлан Еңсебекті қудалауға қатысты қатты алаңдайтынымды білдіру үшін жазып отырмын. 17-ші қаңтарда ол Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің 174-бабы бойынша "ұлттаралық алауыздықты қоздырды" деген түсініксіз және саяси астарлы айыппен қамауға алынды.

Айыптау себебі 2024 жылғы қаңтарда Qaznews24 парақшасында ресейлік тележүргізушінің мәлімдемелеріне жауап ретінде қазақ тіліндегі "Йо, Орыстар" әнін қосқан жазбасы болды. Бұл әннің авторлары белгісіз, жиырма жылдан астам уақыт бойы таралып жүр, онда қорлайтын сөздер де бар. Алайда, билік тек Темірлан ұсталғаннан кейін ғана бұл әнге тыйым салды. таңдамалы Бұл жағдай әдейі және саяси астар ыбар қудалауға қатысты деген қатты алаңдаушылық туғызды.

Осымен Қазақстан билігі Темірлан Еңсебектің сөз бостандығына ие болу құқығын жүзеге асырғаны үшін өзіне қарсы жасаған әрекеті же, наразылықты басу үшін 174-бапты қолдануы да бірінші рет емес. Темірлан Еңсебекті қудалау — оның белсенділігі үшін кек алу және Қазақстандағы сөз бостандығын бұзу әрекеті екені айдан анық.

Мен Сізді Темірлан Еңсебекті дереу және сөзсіз босатып, оған тағылған барлық айыптарды алып тастауға және оның жұмысын негізсіз шектеулерсіз жалғастыру құқығына кепілдік берілуін қамтамасыз ету үшін барлық қажетті шараларды қабылдауға шақырамын.

Құрметпен,

## ҚОСЫМША АҚПАРАТ

Блогер, сатиралық интернет басылымның авторы, сондай-ақ 2021 жылғы "Құқықтар үшін Жаз" науқанындағы басты кейіпкері — Темірлан Еңсебекті (немесе Еңсебеков) 2025 жылғы 17-ші қаңтарда Алматыда өз үйінің қасында полиция ұстап әкетті.

Ол Қазақстан Қылмыстық Кодексінің 174-бабы бойынша «ұлтаралық алауыздықты қоздырды» деген айыппен екі айға уақытша ұстау изоляторына қамалды. Айыптау 2024 жылғы қаңтарда Qaznews24 парақшасында ресейлік БАҚ тұлғасы Тина Канделакидің "Қазақстанда орыс тілі кемсітуге ұшырады" деген мәлімдемесіне жауап ретінде қазақтың "Йо, Орыстар" әнін қосқан жазбасына негізделген. Авторлары белгісіз бұл ән жиырма жылдан астам таралып жүр және онда қорлайтын сөздер бар. Алайда билік бұл әрге Темірлан ұсталғанға дейін тыйым салған жоқ.

Қазақстандық, аймақтық және халықаралық құқық қорғау ұйымдары журналистер мен азаматтық қоғам белсенділері Темірланға қарсы істі Qaznews24 сылтау қылып, билікті сынағаны үшін жазалауды мақсат тұтқан саяси астары бар іс деп таныды.

Кінәлі болып танылған жағдайда Темірлан Еңсебек 29 миллион теңге (шамамен 57 000 АҚШ доллары) айыппұл төлеу, бостандығын шектеу немесе екі жылдан жеті жылға дейін бас бостандығынан айырылуы мүмкін.

Темірланның қылмыстық қудалауға ұшырағаны бірінші рет емес. 2021 жылы ол Қазақстан Қылмыстық кодексінің 274-бабы бойынша "көрінеу жалған ақпарат таратқаны" үшін айыпталғаннан кейін "Құқықтар үшін Жаз" науқаны кейіпкерлерінің бірі болды. Ресми түрде Темірлан "Қорғау құқығы бар куәгер" стасқа ие болған және оның жүріп-тұруына шектеу қойылмаған, бірақ полицияның шақыртуы бойынша Алматыдағы ресми тұрғылықты жеріне оралуға міндетті болған. Егер айып тағылса, оған 17 000 еуро көлемінде айыппұл салу, қоғамдық жұмыстарға тарту, үш жылға дейін бас бостандығын шектеу немесе бас бостандығынан айыру қаупі төнеді.

Оның 2021 жылғы қудалануы Qaznews24-пен де байланысты болды, онда ол ресми жаңалықтарды, соның ішінде үкіметтің мәлімдемелерін және мемлекет қолдайтын Қазақстан Мұсылмандары Діни Басқармасының мәлімдемелерін мазақ етті. Мазмұны сатира болды деген мәлімдемеге қарамастан, 2021 жылғы 15 мамырда полиция оны ұстап, үйін тінтті, телефоны, компьютері және модемін тәркіледі.

Темірлан Еңсебекке қатысты сотқа дейінгі тергеу 2022 жылғы 22 шілдесінде ресми түрде жабылды, ресми растау сол жылдың 15 қыркүйегінде алынды.

**КЕЙІПКЕРМЕН ХАБАРЛАСУ ҮШІН ҚОЛАЙЛЫ ТІЛДЕР:** Қазақ, орыс немесе ағылшын

**ӘРЕКЕТ ЕТУ МЕРЗІМІ:** 2025 жылғы 10 қыркүйекке дейін, мүмкіндігіңізше тезірек

Егер сіз үндеу хатын белгіленген мерзімнен кейін жібергіңіз келсе, өз еліңіздегі Amnesty кеңсесіне хабарласыңыз.

**АТЫ-ЖӨНІ:** Темірлан Еңсебек